

«БЕКІТЕМІН»

№1 «Ақерке» Бөбекжайы Балабақша
меңгерушісі



**Ата-аналармен жұмыс
жоспары**
«Балдәуре» кіші тобы

Тәрбиешілер: Тәжібаева Н

Шманова А

2025-2026ж

Ата – аналармен өткізілетін жылдық жұмыс жоспары.

Мақсаты: Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым – қатынасты күшейте отырып , отбасында балаға ата – ананның ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата – ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру. Ата-аналармен тығыз байланыста болу.

Р/с	Іс – шаралар тақырыбы	Өткізілу түрі	Жауапты
1	Қыркүйек айы 1.Ата – аналарды 2025– 2026 оқу-жылының жоспары мен таныстыру. «Кәнеки танысайық» 2. Ата – аналар комитетін сайлау. 3. Баяндама: Баланы ата-ана тәрбиелейді, ата-ананы кім тәрбиелейді?	Ата – аналар жиналысы. 1. Жаңа оқу жылы басталды. Балалардың кун тәртібі, тазалығы. Келісім шарт толықтыру. 3. Баяндама: Баланы ата-ана тәрбиелейді,Ата-ананы кім тәрбиелейді? 4. Ата-анаға кеңес: «Тұмау және ЖРВИ алдыналу»	Әдіскер: Санкебаева Н.Ш Медбике: Ашықбай С Тәрбиеші: Тәжібаева Н Психолог: Тлеумбетова Ф
2	Желтоқсан айы 1«Егер бала тұйық болса » 2. Диагностикалық зерттеудің қорытындысы. 3. І- жарты жылдық қортынды. 4. Жаңа жылдық шараға дайындыққа ойластық.	Ата-аналар жиналысы. 1-жарты жылдық есеп беру 2. Жаңа жылдық шараға байланысты пікірлер. 3. Баяндама: «Егер бала тұйық болса » 4.Кеңес:«Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиясының ерекшеліктері»	Тәрбиеші: Шманова А
3	Ақпан 1.« 8-наурыз Аналар мерекесі » 2. « Тәрбие тірегі – халық мұрасы » 3. « Қазақтың ою – өрнектері »	Ата-аналар жиналысы. 1.Көктем мерекелерімен құттықтау. 2. .Көрме: « Анашым! Мен сізді жақсы көремін!»	Топ тәрбиешісі: Тәжібаева Н
4	Мамыр айы 1. ІІ- жарты жылдық қортындысы. 2. Жылдық жоспар бойынша қорытынды. 3. Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларына дайындық.	Ата-аналар жиналысы. 1.Мамыр мерекелерімен құттықтау 2. Жыл бойы өткізілген жұмыстарға есеп беріп жылды қорытындылау. 3.Баяндама « Балабақша –біздің үй»	Тәрбиеші: Шманова А

Ата-аналар жиналысы



**«Балдәурен» кіші тобының ата-аналар жиналысының
№2 хаттамасы**

Өтілген күні: 12.12.2026 ж.

Топ: «Балдәурен» кіші тобы

Қатысуға тиісті: 20 ата-ана

Қатысқандар: 15 ата-ана

Себепті қатыспағандар: 5 ата-ана

Жиналыстың күн тәртібі:

1. «Қысқы кезеңде балалардың денсаулығын сақтау және аурудың алдын алу» тақырыбындағы баяндама.
2. Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгіліктің іс-шаралар жоспарымен және дайындық барысымен таныстыру.
3. Ертеңгілікке қатысатын балаларға берілетін жаңа жылдық сыйлықтар мен кейіпкерлердің киімдерін (костюмдерін) ұйымдастыру туралы келісім жасау.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша: Топ тәрбиешісі А. Шманова сөз алды. Ол ата-аналарға «Қысқы кезеңде балалардың денсаулығын сақтау және аурудың алдын алу» тақырыбында мазмұнды баяндама оқыды. Баяндамада қыс мезгілінде балалардың иммунитетін көтеру, дұрыс киіндіру, топ бөлмесін желдету тәртібі және жұқпалы вирустық аурулардан қорғану жолдары туралы пайдалы кеңестер берілді. Ата-аналар баяндаманы мұқият тыңдап, өзара пікір алмасты және тәрбиешіге өз ризашылықтарын білдірді.

2. Екінші мәселе бойынша: Топ тәрбиешісі А. Шманова Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгіліктің сценарийімен таныстырды. Ол балалардың жас ерекшеліктеріне сай дайындалған тақпақтар, әндер және бірлескен би нөмірлері бар екенін атап өтті. Кіші топ балалары үшін бұл алғашқы үлкен мерекелік іс-шаралардың бірі болғандықтан, балалардың мерекеге белсене атсалысып, жақсы көңіл-күймен қатысуы маңызды екені айтылды. Ата-аналар бұл іс-шараны толық қолдап, дайындық жұмыстарына көмектесуге бір ауыздан келісті.

3. Үшінші мәселе бойынша: Тәрбиеші балалардың би және қойылым нөмірлеріне байланысты арнайы ертегі кейіпкерлерінің киімдері (костюмдер) қажет екенін хабарлады. Ұлдар мен қыздардың сахналық бейнелерін ескере отырып, киімдерді алдын ала дайындау керектігі түсіндірілді. Осы мәселеге байланысты ата-аналар комитетінің төрайымы К. Қабылова сөз алып, балаларға берілетін жаңа жылдық тәтті сыйлықтардың сапасы мен құрамын нақтылауды ұсынды. Ата-аналар өзара ақылдаса келе, балалардың сыйлықтары мен арнайы киімдерін ата-аналар тарапынан бірлесіп, өздері сатып алуға және дайындауға атсалысатындарын жеткізді.

Қаулы:

1. Топ тәрбиешісі А. Шманованың оқыған баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын. Баяндамада айтылған бала денсаулығын күту мен шынықтыру туралы кеңестер ата-аналар тарапынан үйде де қатаң басшылыққа алынсын.
2. Жаңа жылдық ертеңгілікті жоғары деңгейде өткізу мақсатында тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы тығыз байланыс орнатылсын. Балалардың мерекелік тақпақтары мен билерін үйде қайталап үйрету ата-аналарға міндеттелсін.
3. Ертеңгілікке қажетті арнайы кейіпкерлер киімдерін (костюмдерін) дайындау және балалардың жаңа жылдық сыйлықтарын ұйымдастыру жұмыстары ата-аналардың өз еркімен толықтай ата-аналар ұжымына (комитетіне) жүктелсін. Сыйлықтардың қауіпсіздігі мен сапасына ата-аналар комитеті жауапты болсын.

Жиналыс төрайымы:  Н. Тәжібаева
Хатшы:  А. Шманова

**«Балдәурен» кіші тобының ата-аналар жиналысының
№3 хаттамасы**

Өтілген күні: 20.02.2026 ж.

Топ: «Балдәурен» кіші тобы

Қатысуға тиісті: 20 ата-ана

Қатысқандар: 15 ата-ана

Себепті қатыспағандар: 5 ата-ана

Жиналыстың күн тәртібі:

1. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік ертеңгіліктің іс-шаралар жоспарымен таныстыру.
2. «Тәрбие – отбасынан басталады» тақырыбындағы психологиялық тренинг.
3. «Отбасындағы ата-ана рөлі» тақырыбындағы баяндама.
4. «Дәрумендер – біздің досымыз» тақырыбындағы медициналық-ағартушылық баяндама.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша: Топ тәрбиешісі Н. Тәжібаева сөз алды. Ол ата-аналарды алда келе жатқан көктемнің алғашқы мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған ертеңгіліктің дайындық жұмыстарымен таныстырды. Тәрбиеші балалардың аналары мен әжелеріне арнап тапқартар, әндер жаттап жатқанын, сондай-ақ арнайы сыйлықтар дайындап жатқандарын жеткізді. Ата-аналар бұл ақпаратты тыңдап, ризашылықтарын білдірді және көктемгі мерекелік іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне бір ауыздан атсалысатындарын мәлімдеді.

2. Екінші мәселе бойынша: Балабақша психологы сөз алып, ата-аналармен бірге «Тәрбие – отбасынан басталады» тақырыбында интерактивті тренинг өткізді. Тренинг барысында ата-аналарға баламен дұрыс қарым-қатынас орнату, олардың эмоциясын түсіну және отбасындағы жағымды психологиялық климаттың бала дамуына әсері туралы жаттығулар ұсынылды. Ата-аналар тренингке белсене қатысып, сұрақтар қойып, өз пікірлерімен бөлісті.


3. Үшінші мәселе бойынша: Топ тәрбиешісі Н. Тәжібаева «Отбасындағы ата-ана рөлі» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамада баланың алғашқы әлеуметтік ортасы – отбасы екені, әке мен ананың бала өміріндегі орны мен жауапкершілігі ерекше атап өтілді. Сондай-ақ, тәрбиеші 8 наурыз мерекесіне арналған ұлдар мен қыздардың би және сахналық нөмірлері бар екенін айтып, оларға арнайы мерекелік киімдер (костюмдер) қажет екенін ескертті. Ата-аналар бұл мәселені өзара талқылап, балалардың сахналық киімдерін өздері ұйымдастырып, дайындауға толықтай атсалысатындарын білдірді.

4. Төртінші мәселе бойынша: Балабақша медбикесі С. Ашықбай сөз алып, «Дәрумендер – біздің досымыз» тақырыбында баяндама жасады. Медбике көктем айларында балалардың ағзасында дәрумендердің жетіспеушілігі (авитаминоз) жиі кездесетінін, бұл баланың тез шаршауына және иммунитеттің төмендеуіне әкеліп соқтыратынын түсіндірді. Ол ата-аналарға балалардың күнделікті тамақтану рационына жаңа піскен жеміс-жидектер мен көкөністерді қосу, дәрумендерге бай тағамдарды пайдалану және серуендеу тәртібін сақтау бойынша маңызды медициналық кеңестер берді.

Қаулы:

1. Топ тәрбиешісі Н. Тәжібаеваның «Отбасындағы ата-ана рөлі» тақырыбындағы баяндамасы және балабақша психологының өткізген тренингі назарға алынсын. Отбасында бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлініп, балабақшамен байланыс одан әрі нығайтылсын.
2. 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған ертеңгілікке қатысатын балалардың сахналық және мерекелік киімдерін (костюмдерін) уақытылы дайындау жұмыстары ата-аналардың өз міндетіне (жауапкершілігіне) жүктелсін.
3. Балабақша медбикесі С. Ашықбайдың берген медициналық кеңестері негізге алына отырып, көктемгі кезеңде балалардың денсаулығын күту, дұрыс тамақтану режимін ұйымдастыру және ағзаны дәрумендермен байыту жұмыстары үйде ата-аналар тарапынан қатаң бақылауға алынсын.

Жиналыс төрайымы:  А. Шманова

Хатшы:  Н. Тәжібаева

**«Балдәурен» кіші тобының ата-аналар жиналысының
№4 хаттамасы**

Өтілген күні: 15.05.2026 ж.

Топ: «Балдәурен» кіші тобы

Қатысуға тиісті: 20 ата-ана

Қатысқандар: 15 ата-ана

Себепті қатыспағандар: 5 ата-ана

Жиналыстың күн тәртібі:

1. 2025-2026 оқу жылында атқарылған тәрбие-білім беру жұмыстарының қорытынды есебі.
2. «Жүрек жылуы» тақырыбындағы психологиялық тренинг.
3. «Баланың денсаулығын нығайту және жазғы сауықтыру кезеңі» тақырыбындағы медициналық баяндама.
4. «Ата-ана балабақшаға келгенше не үйретеді?» тақырыбындағы ата-аналарға арналған сауалнама.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша: Топ тәрбиешісі сөз алып, «Балдәурен» кіші тобының 2025-2026 оқу жылында атқарған жұмыстарының қорытынды есебін оқыды. Тәрбиеші жыл бойы балалардың бойында қалыптасқан білік пен дағдыларды, ұйымдастырылған оқу қызметтерінің нәтижелерін, өткізілген мерекелік іс-шаралар мен жетістіктерді саралап өтті. Балалардың өз-өзіне қызмет көрсету, сөйлеу мәдениеті және әлеуметтік ортаға бейімделу деңгейінің айтарлықтай өскенін атап өтті. Ата-аналар тәрбиешінің есебін тыңдап, оқу жылындағы бірлескен жұмысқа үлкен ризашылықтарын білдірді.

2. Екінші мәселе бойынша: Жиналыс барысында балабақша психологы ата-аналармен бірге «Жүрек жылуы» тақырыбында эмоционалдық-жағымды тренинг өткізді. Тренингтің мақсаты – ата-ана мен бала арасындағы сенімділікті арттыру, отбасылық құндылықтарды нығайту және балаға деген шексіз сүйіспеншілікті көрсету болды. Ата-аналар жүрек пішінді жылылық лебізін білдіретін жаттығуларға белсене қатысып, бір-біріне жақсы көңіл-күй сыйлады.


3. Үшінші мәселе бойынша: Балабақша медбикесі С. Ашықбай «Баланың денсаулығын нығайту және жазғы сауықтыру кезеңі» тақырыбында баяндама жасады. Медбике алдағы келе жатқан жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігін сақтау, күн өтудің алдын алу, гигиеналық талаптарды орындау және дұрыс тамақтану режимі туралы сөз қозғады. Жазғы кезеңде балаларды таза ауада шынықтыру, су процедураларын қабылдау және жеміс-жидектерді жиі тұтыну арқылы иммунитетті көтеру бойынша маңызды ұсыныстар берді.

4. Төртінші мәселе бойынша: Топ тәрбиешісі ата-аналар арасында «Ата-ана балабақшаға келгенше не үйретеді?» тақырыбында әлеуметтік-педагогикалық сауалнама жүргізді. Тәрбиеші бұл сауалнаманың мақсаты – баланың отбасында алған алғашқы дағдыларын (мәдени-гигиеналық, сөйлеу, қоршаған ортаны тану) анықтау және келесі оқу жылында баламен жеке жұмыс жоспарын құру екенін түсіндірді. Ата-аналарға сауалнама парақшалары таратылып, олар өз ойларын жазып, жауап берді.

Қаулы:

1. «Балдәурен» кіші тобының 2025-2026 оқу жылындағы тәрбие-білім беру жұмыстарының қорытынды есебі қанағаттанарлық деп танылсын. Оқу жылы бойы балабақша өміріне белсене араласқан ата-аналарға алғыс жариялансын.
2. Психологтың өткізген «Жүрек жылуы» тренингінен алынған әдіс-тәсілдер отбасында баламен қарым-қатынас жасауда үнемі қолданысқа енгізілсін.
3. Медбике С. Ашықбайдың баяндамасы негізге алынып, жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету және шынықтыру шаралары үйде ата-аналар тарапынан қатаң қадағалансын.
4. «Ата-ана балабақшаға келгенше не үйретеді?» тақырыбындағы сауалнаманың қорытындысы бойынша анықталған мәліметтер келесі оқу жылының тәрбие жұмыстарының жоспарына негіз ретінде алынсын. Сауалнаманы толық толтыру барлық ата-аналарға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:  Н. Тәжібаева

Хатшы:  А. Шманова

